

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА
ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ МОНИТОРИНГІНІҢ БІРІҢҒАЙ
ШЕҢБЕРІНЕ СӘЙКЕС МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**ПРОВЕДЕНИЕ МОНИТОРИНГА В СООТВЕТСТВИИ
С ЕДИНОЙ РАМКОЙ МОНИТОРИНГА ИНКЛЮЗИВНОГО
ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН
МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ**

Астана 2018

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2018 жылғы 4 желтоқсандағы № 12 хаттама)

Рекомендовано к изданию ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 12 от 4 декабря 2018 года)

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру мониторингінің Біріңғай шеңберіне сәйкес мониторинг жүргізу. Әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 128 б.

Проведение мониторинга в соответствии с Единой рамкой мониторинга инклюзивного образования в Республике Казахстан. Методические рекомендации – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 128 с.

Құралда Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру мониторингінің Біріңғай шеңберіне сәйкес мониторинг нәтижелерінің талдануы ұсынылады, сондай-ақ, жалпы білім беру мектептері үдерісінде инклюзивті білім беру шарттарының оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі бойынша әдістемелік ұсынымдар беріледі.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектеп басшыларына, мұғалімдерге, әдіскерлерге, білім басқармалары мен бөлімдерінің мамандарына арналған.

В пособии представлен анализ результатов мониторинга в соответствии с Единой рамкой мониторинга инклюзивного образования в Республике Казахстан, а также даны методические рекомендации по обеспечению учебно-методическими и материально-техническими условиями инклюзивного образовательного процесса в общеобразовательной школе.

Методические рекомендации предназначены руководителям, учителям общеобразовательных школ, методистам, специалистам отделов и управлений образования.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2018
Национальная академия
образования им. И. Алтынсарина,
2018

Кіріспе

Қазақстанның мемлекеттік білім беру саясаты барлығына сапалы білім беруді қамтамасыз ету мақсатында инклюзивті білім беруді дамыту курсы атап өтті.

Әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени себептер, мінез-құлық пен эмоционалдық мәселелер т.б. білім берудегі ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар (бұдан әрі – ЕБҚ) болуына байланысты көп көңіл бөлінеді. ЕБҚ-мен білім алушылардың көп бөлігі денсаулығының салдарынан білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындықтарға тап болғандар болып табылады.

Әлеуметтік, экономикалық, лингвистикалық себептерге байланысты ерекше білім берілуіне қажеттіліктері туындаған білім алушыларға да қолдау көрсетіледі. Атап айтқанда, шалғайдағы ауылдар мен аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға, этникалық азшылық пен оралмандар отбасыларына арнайы шарттар қарастырылған: мектепке тасмалдау, материалдық көмек көрсету, тілдік курстар, қосымша сабақтар, жоғары оқу орындарына түсуге арналған квоталар, ана тілінде оқуға мүмкіндік беру және т.б. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мемлекеттің ерекше қамқорлығымен қамтамасыз етілген. ҚР заңнамасына сәйкес шетелдік азаматтардың және азаматтығы жоқ азаматтардың білім алуы Қазақстанның Республикасы азаматтарымен тең құқықтарға ие.

2017 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ (бұдан әрі – АТО) Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру мониторингінің бірыңғай шеңбері (бұдан әрі – Бірыңғай мониторинг шеңбері) әзірленді. Бірыңғай мониторинг шеңбері педагогтердің, білім алушылардың, білім беру ұйымдары басшыларының, білім басқармалары мен бөлімдері мамандарының, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдары өкілдерінің ұсыныстары мен ұсынымдарын халықаралық тәжірибені ескеріліп әзірленді [1].

Инклюзивтік білім беру үдерісінің оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық шарттармен қамтамасыз ету мониторингі білім беру жүйесіндегі өзгерістерді жобалауға, басқарушылық міндеттерді шешуге байланысты бағытталған, ЕБҚ бар балалардың білім алу құқығын жүзеге асыру мен олардың қоғамда табысты әлеуметтенуіне бағдарланған. Мониторингтік зерттеу нәтижелері ЕБҚ бар әртүрлі санаттағы балалардың толық білім бағытындағы білім беру жүйесіне қажетті өзгерістерді белгілейді, білім беру ортасында толығымен әлеуметтік бейімделу мақсатында ЕБҚ бар балаларды қажеттілікпен қамтамасыз етілуін бағалайды, білім беру шарттарына сұратым және білім беру қызметтеріне отбасылық қажеттіліктерді анықтайды.

Инклюзивтік білім берудің тиімділігін анықтайтын кешенді шарттардың ортасынан бірлескен оқытуды ұйымдастырудың инновациялық модельдерін іздеу және апробациялау, білім беру үдерісін ұйымдастырудың жаңа формалары мен тәсілдері ерекше орын алады. Соңғы жылдары еліміздің

өңірлерінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту тәжірибесін жүзеге асыру, инновациялық алаңда инклюзивті білім беруді жүйелі қолдау өзекті мәселе болып отыр. Осыған байланысты елдегі барлық мектептер нақты инклюзивтіні жүйелі трансформациялауда педагогтердің саналылығын және еріктілігін қалыптастыру үшін оң инклюзивті тәжірибені позитивті таралымын көбейтуді және белсенді жинақтау шарт. Инклюзияның мәні мен оның концептуалдық, нормативтік, құқықтық, ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздерін талаптарға сәйкес дәлелді зерттеуді қажет етеді. Бұл басқару органдарына, барлық педагогикалық қызметкерлерге және мамандарға жоспарлауға, инклюзивтік тәжірибелерді біртіндеп «өсіруге», уақыт талабына сәйкес білім беру кеңістігін қайта құру, ата-аналардың және білім алушылардың үміттеріне мүмкіндік береді.

Аталған әдістемелік ұсынымның мақсаты мемлекеттік білім беру саясатындағы инклюзивті принциптерді ілгерлету және барлығы үшін сапалы білімге тең қол жеткізудегі прогресті бағалау негізінде инклюзивті білім беру ортасын құруға жетекші, өзіндік қадамдарды әзірлеудегі педагогикалық қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

1 Инклюзивті білім беру жағдайында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта мектептегі білім беру процесін қамтамасыз ету бойынша мониторингтің мақсаттары мен міндеттері, ұйымдастырушылық құрылымы мен технологиясы

Инклюзивтік білім беру мониторингінің Бірыңғай шеңбері және әлемдік қоғамдастықтың білім беру саясатының басты негіздерінің бірі барлық азаматтарға бірдей жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ету болып саналады. 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап БҰҰ мүше – 193 мемлекетпен қабылданған тұрақты дамыту саласындағы 17 Ғаламдық мақсат (бұдан әрі-ТДМ) күшіне енді. 4 ТДМ «барлығы үшін өмір бойы оқытудың мүмкіндіктерін ынталандыру және инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету» міндеттілігін жариялайды [2].

Қазақстан Республикасындағы инклюзивтік білім беру саласындағы зерттеу нәтижелері ЕБҚ бар балаларға арналған саяси талдауда «Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан Республикасы – 2009: ерекше қажеттіліктері және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар» ЭЫДҰ білім беру саласындағы ұлттық саясат Шолуымен ұсынылған, сонымен қатар инклюзивтік білім беру жүйесін құруды қамтамасыз ететін факторлардан тұрады. Заңнамалық база және басқаруды реттеудің жетіспеушілігі, ресурстар мен қаржыландырудың жеткіліксіздігі, педагогикалық қызметкерлерді даярлау жүйесінің тиімділігі төмен, сыртқы қызметтердің әлсіз үйлестірілуі, қоғамдық және жеке секторлардың жеткіліксіз қатысуы секілді мәселелерді ЭЫДҰ атап көрсетеді [3].

Қазақстан үшін 37 ұсыным есеп қорытындысы бойынша, ұсынылды. Қазіргі уақытта ұсынымдар жоспарлы түрде орындалуда. Мысалы, ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс істейтін мұғалімдердің жалақысын көтеру қажеттілігі ЭЫДҰ атап көрсетілді. Аталған ұсыным орындалды: 2016 жылдан бастап педагогтар үшін базалық лауазымдық қызмет ақыдан 40% мөлшерінде ЕБҚ бар балалармен жұмыс үшін қосымша ақы қарастырылды.

ЭЫДҰ басқа да зерттеуінде «Ұлттық білім беру саясатына шолу: Қазақстандағы орта білім беру» (2014 ж.) 43 ұсынымның бірі «Үкіметтің инклюзивтік білім беруді енгізу жоспарын қайта қарау, оларды тиімдірек ету, себебі, ЕБҚ бар балалар бұрынғысынша тең емес мүмкіндіктерден зардап шегіп келеді» болып табылады [4].

Бүгінгі таңда елімізде білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық бағыттарының бірі ретінде инклюзия қарастырылады. Республика заңнамасымен сапалы білім алуға қолжетімділік құқығы барлық білім алушыларға жеке мүмкіндіктеріне қарамастан, ерекше білім берілуіне қажеттілігінің әртүрлі болуын есепке ала отырып кепілдік береді. ЕБҚ бар азаматтар үшін сапалы білімге тең қол жеткізу үшін жағдай жасау ұзақ мерзімді көріністерде үлкен басымдықтарға ие. Бұл, бірінші кезекте, табысты әлеуметтік бейімделу және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігі. ЕБҚ-мен бірге оқитын балалар ашық түрде оқығанды үйренеді, маңызды коммуникативті дағдыларды

менгереді, айналасындағы адамдармен өзара іс-әрекет жасайды. Ерте әлеуметтік инклюзия болашақта өмірге бейімделе алатынына сенімді болудың кілті болып табылады.

Қазақстан Республикасының саясаты барлық азаматтарға әлеуметтік, экономикалық, мәдени мәртебесіне қарамастан сапалы білім алу құқығын қамтамасыз етуге бағытталған. Елбасының «Қазақстан жолы-2050»: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында: «мүмкіндігі шектеулі біздің азаматтарымызға назар аударуды күшейту қажет. Қазақстан олар үшін кедергісіз аймаққа айналуы керек. Осындай аз емес адамдарға қамқорлық жасау – өзіміздің және қоғам алдындағы біздердің борышымыз» [5].

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында (бұдан әрі - БҒДМБ) инклюзивті білім беруді дамыту саясаты мәлімделген [6]. Бұған қоса, қазіргі уақытта қазақстандық білім беру жүйесі мектепке дейінгі білім беруден бастап жоғары білім беруге дейін, барлық деңгейлерде аталған саясатты жүзеге асырудың бірыңғай түсінікті аппаратымен және механизмімен жұмыс істейді.

БҒДМБ ЕБҚ бар оқушылар үшін тең жағдайлар мен кедергісіз қолжетімділікті құру бойынша мақсатты индикаторлар (пандустар, көтергіштер, лифттер, ақпараттық және кітапханалық ресурстар) қарастырылды, күтілетін нәтижелер анықталды.

Мемлекеттік саясатта инклюзивтілік қағидаттарды алға жылжытуға және барлығы үшін сапалы білім алуға тең қолжетімділікті бағалауға бағытталған Бірыңғай мониторинг шеңберін «АТО» АҚ жобалау тобымен әзірленді.

Ұлттық деңгейде Бірыңғай мониторинг шеңбері саясатты әзірлейтін тұлғаларға, сонымен қатар инклюзивтік білім беруді жүзеге асыру үшін қажетті, өзгерістерді жүзеге асыру ісінде маңызды рөл атқаратын менеджерлерге жолданған. Жергілікті деңгейдегі мониторинг шеңберінің көрсеткіштері білім беру ұйымдарына инклюзивтік білім беру ортасын құруға жетелейтін қадамдарды дербес әзірлеуде елеулі көмек көрсетеді [1].

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім берудің Бірыңғай мониторинг шеңберін әзірлеу үшін ҚР «Білім туралы» заңы негіз болып саналады, ондағы 1-баптың 21-7-тармағында көрсетілген: «инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс» [7].

Қазіргі уақытта республикадағы көптеген мектептер ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға көптеген маңызды аспектілерді қамтитын, жайлы білім беру ортасын құру негізінде қанағаттанушылығына көңіл бөледі. ЕБҚ бар балалардың ата-аналарының көпшілігі балаларының жалпы білім беру мектептерінде оқығанын қалайды.

«Жалпы білім беретін білім беру ұйымдарының түрлері бойынша типтік қызмет ережелеріне» сәйкес, ЕБҚ бар балаларды оқыту жалпы білім беретін мектептерде әдеттегі сыныптарда (2 ЕБҚ бар баладан аспайды) және жалпы

білім беретін мектептердегі арнайы сыныптарда (бұзылыс түрлері бойынша) жүзеге асырылады [8].

Балаларды дамытуда бұзылыс түрлері бойынша арнайы сыныптар келесідей үлгіде сараланады: есту қабілеті бұзылған (естімейтін, нашар еститін, кейіннен керең болғандар); көру қабілеті бұзылғандар (көзі көрмейтін, нашар көретін, кейіннен соқыр болып қалғандар); тірек-қозғалыс аппараты қызметі бұзылғандар (ТҚАБ); сөйлеу қабілеті бұзылған; ақыл-ойы артта қалған; психикалық дамуы кешеуілдеген (ПДК); күрделі бұзушылықтары бар, соның ішінде соқыр керенділік.

ҚР «Білім туралы» Заңының 8-бабы, 5-тармағына сәйкес, денсаулық жағдайына қарай ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын азаматтар үшін үйде немесе емдік ұйымдарда жеке тегін оқыту ұйымдастырылады [7]. ПМПК ұсынымдарына сәйкес мұғалімдер жеке оқыту бағдарламасын әзірлейді. Сабақ кестесі Типтік оқу жоспары, жеке оқу жоспары негізінде құрылады. Үйде оқытылатын балалар медициналық қарсы көрсетімдер болмаған кезде, аптасына бірнеше рет, әлеуметтену мүмкіндігін ала отырып, мектепке сабаққа, сыныптан тыс іс-шараларға келеді.

ПМПК ұсынымдары бойынша және мүгедек-балалардың ата-анасының өтініші негізінде I және II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедек балалар қашықтан білім беру технологиясы (ҚОТ) бойынша оқи алады. ҚОТ бойынша оқыту бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу жоспары бойынша жүргізіледі. Оқу үдерісін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығымен бекітілген «Қашықтан оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережелерімен» реттеледі [9].

Жалпы білім беру ұйымына енген ЕБҚ бар балалар ҚР МЖМБС және ПМПК-ның ұсыныстарына сәйкес жалпы білім берудің оқу бағдарламалары мен арнайы оқу бағдарламалары бойынша оқытылады.

ЕБҚ балалар үшін бастауыш және негізгі білім беру пәндерінің деңгейлері бойынша Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы және Түзету педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы жас ерекшеліктері мен денсаулық бұзылыс түрлерін есепке ала отырып, оқу бағдарламалары әзірленді.

Көптеген ата-аналардың айтуы бойынша, жалпы білім беретін сыныптарда оқытылатын ЕБҚ бар балалар тап болатын барлық қиындықтарға қарамастан, олардың басқа балалармен қарым-қатынасы білім мен болашақта мамандық алу үшін жақсы мүмкіндік екенін түсіне отырып, оқуға қуанып барады. Мұғалімдер балалардың бір-бірінің ерекшеліктерін түсіне білуге үйренетін мектепте, сенім ахуалы туындайтынын және ең жақсы қасиеттер: толеранттылық, қамқорлық, мейірімділік қалыптасатынын айтады.

Тәжірибе ата-аналардың басқа пікірлерін де көрсетеді, онда олар өз баласы үшін жалпы білім беретін мектептерде әдеттегі сыныптарына қарағанда, арнайы сыныпты дұрыс көреді. Олар мұны, «арнайы сыныптарда балалардың аз

екенін және әр балаға көбірек көңіл бөлінетінін, түзету-педагогикалық қолдау сапалы көрсетілетінін, ал үзілістер мен сыныптан тыс шараларда басқа құрбыларымен сөйлесуге мүмкіндік болатынымен» түсіндіреді. Аталған жайт, әдеттегі сыныпта оқитын ЕБҚ бар балалардың ерекше педагогикалық қолдауға мұқтаж екенін көрсетеді.

ҚР «Білім туралы» Заңында: «Білім алу үшін арналған арнайы шарттар» терминіне «Арнайы оқу бағдарламалары мен оқыту әдістері, техникалық және басқа да құралдар, тіршілік ету ортасы, сонымен қатар медициналық, әлеуметтік және ЕБҚ бар тұлғалардың жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын меңгеру мүмкін емес басқа да қызметтер кіретін шарттар» ретінде анықтама берілген [7].

Бұл кешенді есептің маңыздылығын инклюзивтік білім беру үшін материалдық-техникалық, сонымен қатар, оқу-әдістемелік және кадрлық шарттар екендігін баса айтады. Осыған байланысты, ұлттық деңгейде «Инклюзивтік білім беру шарттары» түсігін ашу, денсаулық бұзылыс түрлері бойынша ЕБҚ бар білім алушылар үшін толық және ішінара кедергісіз ортаның бірыңғай өлшемдерін әзірлеу қажет болды: архитектуралық қолжетімділік, материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік және кадрлық қамтамасыз ету.

Қазақстанда инклюзивтік білім беруді жүзеге асыру білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, қоғамдық бірлестіктер, ата-аналар қоғамдастығының уәкілетті органдары тарапынан келісілген әрекеттерді талап етеді. Алайда, елде ЕБҚ бар тұлғаларды қолдау бойынша ведомствааралық өзара әрекет ету механизмі жөнге салынбаған.

Әртүрлі ведомствалардың үйлестірілмеген ынтымақтастығы барлық аспектілерде көрінеді. Мысалы, ЕБҚ бар балалар туралы статистикалық деректер есебін, бір мезгілде ҚР БҒМ, ҚР ДМ, ПМПК жүргізеді. Әртүрлі ведомствамен ұсынылатын деректер күшті ерекшеленеді, бұл олардың толықтығы мен сенімділігіне күмән тудыруға мәжбүрлейді. ЭЫДҰ сенімді статистикалық деректерді жинау қажеттілігі Қазақстанның әлеуметтік қорғауы және денсаулық сақтау, білім беру қызметтерінің бұдан әрі дамуының негіздемелерін атап көрсетеді. Аталған мәселені шешу үшін елде ЕБҚ балаларды есепке алу жүйесін біріктіру бойынша жұмыстар жүргізілуде. «Сандық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында ПМПК жүйесін құру және оны мемлекеттік қызметтер үшін жеке жүгінуді азайту және құжаттар тізбесін жинауды болдырмау мақсатында ҰБДҚ, ЖТ МДҚ және МЗТО жүйелерімен біріктіру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Мониторингті жүргізудің мақсаты – еліміздің өңірлерінде жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі инклюзивті білім беру процесінің дәрежесін анықтау.

Мониторинг міндеттері:

1) білім беру ұйымдарында ұлттық бастамаларды қабылдау деңгейін зерттеу, яғни, жалпы инклюзивті құндылықтарды дамытуға мектеп қаншалықты үлес қосады;

2) инклюзивті білім беру саласындағы педагогтерді кәсіби дамыту үшін мектептің қаншалықты мүмкіндік беретінін анықтау;

3) білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық шарттардағы мектептегі білім деңгейін құруды анықтау.

Білім беру ұйымдары деңгейіндегі мониторинг көрсеткіштерін үш негізгі аспект бойынша қарастырады: инклюзивтік білім беру мәдениетін құру, инклюзивтік саясатты әзірлеу, инклюзивтік тәжірибені дамыту.

Бірыңғай мониторинг шеңберіне сәйкес мониторингтік зерттеулерді жүргізу базасы еліміздің барлық аймақтарында, қалалар мен ауылдарда орта білім беруді ұйымдастыру, сонымен қатар, мемлекеттік және орыс тілінде оқыту болып саналады.

Білім беру ұйымдарының деңгейінде мониторинг Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы базасының сайтында анонимді онлайн-сауалнама түрінде жүргізілді. Сауалнамаға еліміздің барлық аймақтары мектептерінің негізгі және жоғары білім алушылары, педагогикалық қызметкерлері, ата-аналары қатысты.

Зерттеудің мониторинг негізгі әдістері: сауалнама жүргізу (онлайн-сауалнама), деректерді өңдеудің математикалық әдістері, зерттеу нәтижелерін сандық және сапалық талдау болып табылады.

Сауалнамалар білім берудің негізгі және жалпы деңгейінде білім алушылар, педагогтар, білім беру ұйымдарының әкімшілік өкілдері, ата-аналардың сұрау үшін әзірленген. Сауалнаманың барлық сұрақтары жабық болып саналады және ұсынылған бірнеше нұсқалардан таңдалады. Жекелеген сұрақтарда бірнеше жауап нұсқаларын таңдауға мүмкіндік қарастырылады. Сұрақтардың әрқайсысы мониторингтің белгілі көрсеткішіне сәйкес келеді.

Инклюзивтік мәдениетті құру саласында келесі индикаторлар қарастырылды:

1) Мектеп инклюзивтік құндылықтарды дамытуға ықпал етеді.

2) Толеранттылық және өзара құрметтеу принциптері сақталады, кемсітушілік болмайды.

3) Оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамытуы мадақталады.

4) Ата-аналар оқу-тәрбие беру үдерісіндегі мәселелер бойынша шешім қабылдау барысында белсене қатысады.

Инклюзивтік саясатты әзірлеу саласында:

1) Мектеп әр бала үшін ашық.

2) Инклюзивтілік саясаты білім беру үдерісінің барлық қатысушыларында сақталады.

3) Мектеп саясаты қудалауға қарсы тұруға және қауіпсіз психологиялық орта құруға бағытталған.

4) Білім алушылардың келесі оқыту деңгейіне немесе басқа білім беру ортасына өтуі кезінде бейімделуі үшін көмек көрсетіледі.

5) Білім алушылардың қалуы мен бағдарламадан артта қалуын болдырмау бойынша жұмыстар жүргізіледі.

б) Инклюзивтік білім беру саласында педагогтардың кәсіби дамуы үшін мүмкіндіктер ұсынылады.

Инклюзивтік тәжірибені дамыту саласында:

1) Мектеп барлық білім алушылардың сапалы оқытылуы үшін тең мүмкіндік ұсынады.

2) Білім алушылардың үлгерімі мен жетістіктері бойынша мониторинг жүргізіледі.

3) ЕБҚ бар балаларды оқыту үшін қажетті материалдық-техникалық шарттар құрылған.

4) Балалардың ерекше білім беру қажеттілігі мен жеке мүмкіндіктерін қанағаттандыру үшін жағдай жасалған.

5) Психологиялық-медиктік-педагогикалық Қызметі тиімді жұмыс істейді.

б) Басқа білім беру ұйымдарымен, қоғамдық бірлестіктермен ынтымақтастық бастамашылық етіледі және қолдау көрсетіледі.

Негізгі және жалпы орта білім беру мектептерінің білім алушыларына арналған сауалнама «келісемін», «келіспеймін», «жауап беру қиын» жауап нұсқаларында 13 сұрақты қамтиды (Кесте – 1).

Кесте – 1 Негізгі және жалпы орта білім беру мектептерінің білім алушыларына арналған сауалнама

		Келісемін	Келіспеймін	Жауап беруге қиналамын
	Инклюзивті мәдениет			
1	Біздің мектепте барлық оқушыларға мейіріммен қарайды			
2	Біздің мектепте әрбір оқушылардың жетістіктері әділетті бағаланады			
3	Мұғалімдер әр оқушы оқуда табысты болады деп сенеді			
4	Мұғалімдер барлық оқушыларды сынып және мектептен тыс іс-шараларға қатыстырады.			
5	Маған оқу ұнайды, мен өз мектебімді жақсы көремін			
6	Мектепте менің құқығым бұзылмайды			
	Инклюзивті саясат			
7	Мен өзіме әділетсіз көзқараспен, қорқыту, қорлау жағдайларға тап болдым.			
8	Егер мені қорқытса, ренжітсе мен сынып жетекшісінен немесе психологтан көмек сұрай аламын			
9	Педагогтер жаңадан келген оқушыларға мектепке бейімделуге көмектеседі			
10	Мұғалімдер тәртіпті бұзатын, сабақты себепсіз қалдыратын оқушылармен әңгіме өткізеді			
11	Педагогтер маған қалдырған сабақ тақырыбын түсінуге көмектеседі			
	Инклюзивті практика			

12	Мұғалім әрбір оқушыға көңіл бөледі			
13	Оқушылар сабақта бір-біріне көмектеседі			

Жалпы білім беретін мектептің білім алушыларының ата-аналарына арналған сауалнама, барлық ата-аналар үшін 20 сұрақ және ЕБҚ бар балалардың ата-аналарына арналған 9 сұрақтан тұрады (Кесте – 2).

Кесте – 2 Жалпы білім беретін мектептің білім алушыларының ата-аналарына арналған сауалнама

		Келісемін	Келіспеймін	Жауап беруге қиналамын
	Инклюзивті мәдениет			
1	Мектепте барлық оқушыларға мейіріммен қарайды			
2	Мектепте оқушылардың жетістіктері әділ бағаланады			
3	Мұғалімдер әр оқушы оқуда табысты болады деп сенеді			
4	Мұғалімдер мектептің іс-шараларына барлық балаларды қатыстырады			
5	Мектепте балалар құқығы бұзылмайды			
6	Ата-аналар оқыту және тәрбиелеу үдерісіне тартылған			
7	Ата-аналар комитеттерінің, қамқоршылық кеңестерінің шешімдері толық көлемде орындалады			
8	Мен ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды және ерекше білім беру қажеттілігі жоқ балаларды бірлесіп оқытуға оң көзқараспен қараймын			
	Инклюзивті саясат			
9	Мен менің баламды мектепке қабылдау кезінде құқық бұзушылыққа тап болдым			
10	Мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мәселелері бойынша қажетті ақпараттық-кеңесшілік және әдістемелік қолдауды алып тұрамын			
11	Барлық оқушылар сынып жетекшісі немесе психолог көмегіне жүгіне алады.			
12	Барлық жаңадан келген оқушыларға, егер оларды қорқытса, ренжітсе, мектепке бейімделуге көмектеседі			
13	Мектеп дәлелді себепсіз сабақты қалдыруды болдырмау үшін алдын			

	алу шараларын өткізіледі			
14	Педагогтер оқушыларға, егер білім алуда мәселері бар болса (сабаққа келмесе, ауырып қалса, тақырыпты меңгермесе) көмектеседі			
	<i>Ерекиіе білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың ата-аналарына арналған қосымша сұрақтар:</i>			
15	Бала қалыпты сыныпта оқып, өзін жайлы сезінеді			
16	Бала арнайы сыныпта оқып, өзін жайлы сезінеді			
	Инклюзивті практика			
17	Мен білім беру қызметінің ұсынылу сапасына ризамын			
18	Мұғалім сабақта әр оқушыға көңіл бөледі			
19	Мектеп баланың жетістігі және ілгерілеуі туралы ақпаратты үнемі беріп отырады			
	<i>Даму мүмкіндігі шектеулі оқушылардың ата-аналарына арналған қосымша сұрақтар:</i>			
20	Сіздің балаңыздың дамуында мүмкіншілік шектеу бар ма?			
21	Мектепте физикалық тосқауылсыз қол жетімділік қамтамасыз етілген (пандус, тұтқалар), арнайы санитарлық-гигиеналық бөлмелер және т. б. бар			
22	Менің балам оқуға қажетті арнайы техникалық жабдықтармен (мысалы: дыбыскүшейткіш аппаратура, электронды үлкейткіш әйнек, бейнеүлкейткіш және т.б.) қамтамасыз етілген			
23	Менің балама арналған психологиялық-педагогикалық қолдаудың Жеке бағдарламасын жасауға белсенді қатыстым			
24	Мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың Жеке бағдарламасын менің балам үшін тиімді деп санаймын			
25	Мектеп өзінің оқу бағдарламасын менің баламның жеке мүмкіндіктерін ескере отырып бейімдейді			
26	Мектеп менің балама қажетті арнайы оқулықтарды (Брайль әрпі бойынша, үлкейтілген әріп бойынша және т.б.) ұсынады			
27	Менің балам оқитын арнайы оқулықтардың сапасымен қанағаттанамын			
28	Арнайы педагогтардың қосымша / жеке сабақтары менің баламның даму қарқындылығына әсерін тигізді			

29	Мен баламның ассистент педагогтардан (тьютордан) алатын қолдауға ризамын			
----	--	--	--	--

Жалпы білім беретін мектептердің әкімшілігі мен мұғалімдерге арналған сауалнама 20 сұрақтан тұрады, олардың кейбіреулері бірнеше жауапты таңдауға және өз пікірін білдіруге мүмкіндік береді (Кесте -3).

Кесте – 3 Жалпы білім беретін мектептердің әкімшілігі мен мұғалімдерге арналған сауалнама

1. Сіз ЕБҚ бар және ЕБҚ жоқ балалардың бірге оқытылуына қалай қарайсыз?

- a) Оң көзқараспен, мен ЕБҚ бар балалардың қарапайым сыныпта балалармен оқығанын қалаймын
- b) Мен ЕБҚ бар балалардың жалпы білім беретін мектептің арнайы сыныптарында оқығанын қалаймын
- c) Теріс көзқараспен, ЕБҚ бар балалар арнайы мектептерде бөлек оқулары қажет
- d) Басқа (көрсетіп жазыңыз: _____)

2. Сіз сабақ беретін сыныпта ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар оқушылар бар ма?

- a) Ия
- b) Жоқ
- c) Білмеймін

3. Сіздің сыныптың кейбір оқушыларын оқытудағы қиындықтардың себептерін анықтау мүмкін бе?

- a) ия
- b) әрқашан емес
- c) жоқ

4. ЕБҚ бар оқушылармен жұмыс істеуге арналған әдістемелік көмекті Сіз қандай дереккөздерден аласыз? (Бірнеше нұсқа таңдалуы мүмкін)

- a) Мектеп (әкімшілік, қызметтестер, арнайы педагогтар)
- b) Интернет-ресурстар
- c) Облыстық білім беру басқармасы / аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинеті
- d) Баспасөз басылымдары
- e) Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығы
- f) Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
- g) Біліктілікті арттыру курстары
- h) Басқа (көрсетіп жазыңыз) _____

5. Сізге ЕБҚ бар оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ақпараттық-кеңестік және әдістемелік қолдау жеткілікті түрде көрсетіле ме?

- a) Жоқ, жеткілікті түрде емес (көрсетіп жазыңыз: _____)
- b) Онша жеткілікті емес
- c) Ия, жеткілікті

6. Сіз сыныпта ЕБҚ бар оқушысын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламасын құрастыруға қатысасыз ба?

- a) Жоқ, қатыспаймын
- b) Ия, қатысамын
- c) Ия, қатысамын, бірақ қиналамын

7. ЕБҚ бар балаларға арналған оқу бағдарламасын бейімдеу кезінде Сіз қажетті әдістемелік қолдау аласыз ба?

- a) Жоқ, алмаймын
- b) Аламын, бірақ жеткіліксіз
- c) Ия, жеткілікті түрде қолдау аламын

8. Сізге қажет болған жағдайда оқу бағдарламасын, оқыту әдістерін және сіздің сыныбыңыздың жекелеген оқушылары үшін жетістіктерді бағалауды бейімдеу мүмкін бе?

- a) иә, мүмкін
- b) мүмкін емес, бірақ әрдайым емес
- c) жоқ, мүмкін болмайды

9. Сіз «Мектепте оқушылардың сабақ үлгерімінің өте жоғары және төмен нәтижелері көрсеткіштерінің арасындағы айырмашылықтың азаюы байқалады» деген пікірмен келісесіз бе?

- a) Жоқ, келіспеймін
- b) Ия, келісемін
- c) Жауап беруге қиналамын

10. Сіздің ассистент-педагогтармен сыныпта бірге жұмыс істеу тәжірибеңіз бар ма?

- a) Жоқ
- b) Ия, олардың іс-әрекеті тиімді деп санаймын
- c) Ия, олардың іс-әрекеті тиімсіз деп санаймын
- d) Ия, бірақ олардың іс-әрекетінің тиімділігін бағалауға қиналамын

11. Буллинге жауап қайтаруда (байбалам салу, физикалық агрессия, қудалау, балағаттау және т.б.), оның оқушылар арасында алдын алуда және болдырмауда Сіз өзіңізді жеткілікті түрде құзыреттімің деп санайсыз ба?

- a) Жоқ, жеткілікті емес
- b) Жеткілікті, бірақ толық емес деп санаймын
- c) Ия, жеткілікті

12. Сіздің мектебіңізде, сыныпта білім беру үдерісінің барлық қатысушылары үшін жайлы психологиялық климат құрылды ма?

- a) Ия
- b) Жоқ
- c) Онша емес
- d) Басқа (көрсетіп жазыңыз) _____

13. Инклюзивті білім беру бойынша біліктілікті арттыру курсына қатыстыңыз ба? Олардың тиімділігін қалай бағалайсыз?

- a) Жоқ, қатыспадым
- b) Ия, қатыстым, оларды тиімді деп санаймын
- c) Ия, қатыстым, оларды онша тиімді емес деп санаймын
- d) Ия, қатыстым, оларды тиімсіз деп санаймын

Егер Сіз алдыңғы сұраққа «Ия» деп жауап берсеңіз, келесі екі сұраққа жауап беріңіз:

14. Сіздің біліктілікті арттыру курсынан алған біліміңіз инклюзивті ортада сабақ беру үшін Сізге жеткілікті ма?

- a) Жоқ, жеткілікті емес (Нені оқып білгіңіз келетінін жазыңыз: _____)
- b) Толығымен жеткілікті емес (Нені оқып білгіңіз келетінін жазыңыз: _____)
- c) Ия, жеткілікті

15. ЕБҚ бар балалармен (дефектология, логопедия, түзеу педагогикасы саласында) жұмыс істеу үшін қажет болатын Сіздің арнайы біліміңіздің өзекті деңгейін Сіз қалай бағалайсыз?

- a) Арнайы білімім жоқ
- b) Төменгі деңгейде арнайы білімім бар
- c) Жұмысты жүзеге асыру үшін арнайы білімім жеткілікті

16. Сіздің мектебіңіздің әкімшілігі мұғалімдермен инклюзивті білім беруді табысты жүзеге асыруда арнайы мектептер мен жалпы білім беретін мектептердің педагогтарымен ынтымақтастық орнатуға (мәселені шешуде топтық тұғыр) жағдай жасайды ма? (Бірнеше нұсқа таңдалуы мүмкін)

- a) Ынтымақтастық орнатуға мотивация және жағдай жоқ
- b) Ия, арнайы педагогтардың семинарлары, коучингтері, вебинарлары арқылы
- c) Ия, өзара сабаққа қатысу арқылы
- d) Ия, мәселені топпен талдау арқылы
- e) Ия, бірақ ынтымақтастық тұрақты және жүйелі емес
- f) Басқа (көрсетіп жазыңыз): _____)

17. Мектеп жергілікті қоғамдастықта инклюзивті білім беру мәселелері бойынша серіктестермен (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау органдары, қоғамдық бірлестіктер және т.б.) ынтымақтастық орната ма, олардан қажетті қолдау ала ма және кері байланыс жасай ма?

- a) Жоқ, жеткіліксіз
- b) Толықтай жеткілікті емес
- c) Ия, жеткілікті

18. ПМПК, ОО, ППҚК іс-әрекетін Сіз қалай бағалайсыз?

- a) Мен аталған ұйымдардың іс-әрекетімен таныс емеспін
- b) Мен олар өзінің қызметтерін сапалы орындап жатыр деп санаймын. Олардың іс-әрекетін дұрыс бағалаймын
- c) Мен олар өзінің қызметтерін сапалы орындайды, бірақ жеткіліксіз түрде деп санаймын (неге екенін көрсетіп жазыңыз: _____)
- d) Мен олар өз қызметтерін сапасыз орындап жатыр деп санаймын (неге екенін көрсетіп жазыңыз: _____)
- e) Басқа: _____)

19. Сіздің мектепте инклюзивті білім беру (барлығына сапалы білім беру) идеяларын іске асыруға не кедергі келтіреді? (Бірнеше нұсқаны таңдауға болады)

- a) Арнайы педагогтардың (дефектологтар, логопедтер және т.б.) жетіспеуі
- b) ЕБҚ бар балаларға арналған арнайы материалдық-техникалық жағдайлардың болмауы
- c) ЕБҚ бар балаларды оқытуға арналған оқу-әдістемелік қолдаудың жетіспеуі
- d) ЕБҚ бар балаларды оқытуға арналған педагогтардың теориялық және практикалық даярлық деңгейінің жеткіліксіздігі
- e) ЕБҚ бар балаларды оқытуға бірігіп күш салуда ата-аналардың әлсіз қатысуы (бала проблемасын ата-анасының мойындамауы, білім берушілік және әлеуметтік мәдени деңгейінің төмен болуы, жоғары дәрежедегі жұмысбастылық және т.б.)
- f) ЕБҚ бар балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселелері бойынша мектептің басқа ұйымдармен (мысалы, медициналық түзеу мекемелерімен) жүйелі түрде тұрақты өзара әрекеттестігінің болмауы
- g) ЕБҚ бар балаларды қоғамның қабылдамауы
- h) Педагогтардың мотивациясының төмендігі
- i) Мектеп басшыларының мотивациясының төмендігі
- j) Білім беру ұйымдарның мотивациясының төмендігі
- k) Басқа (көрсетіп жазыңыз: _____)

20. Сіздің қызметіңіздің айтарлықтай табысты орындалуы үшін Сізге қандай жағдайлар жасау қажет?

2 Инклюзивті білім беру процесін оқу-әдістемелік және материалды-техникалық жағдайлармен қамтамасыз ету бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерін талдау

Мектеп бала үшін әлеуметтік әлемнің негізгі үлгілерінің бірі болып табылады, өйткені ол мектеп жылдарында ересек ұрпақ өмір сүретін заңдарды меңгеріп, маңызды жолдарын, тұлғааралық қатынастар, әлеуметтік рөлдер және басқаларды біледі. Біріккен Ұлттар Ұйымының даму Бағдарламасының сарапшылары басқа кезеңдермен (балабақша, колледж, ЖОО) салыстырғанда, мектепте оқыту ұзақтығынан адамның жеке тұлғасын қалыптастыратын, психологиялық тұрақтылық негізі және одан әрі даму әлеуетін көрсетеді.

Сапалы білімге қол жеткізудің жетіспеушілігі баланың болашақта кәсіби және жеке табысқа жету мүмкіндігін шектейді. ЮНЕСКО-ның мәліметтері бойынша әлемнің 45% -ына білім беру жүйесіне қол жетімділік ресми құқықтық құжатта белгіленбейді: кодекс немесе Конституция, яғни, осы елдерде балалар негізгі мектеп білімдерінен айырылып қалады. Қазақстан орта білім берудің конституциялық бекітілген кепілдігі бар елдердің когорттарынан болып табылады. ТДМ көрсеткендей жоғары сапалы базалық білім - әрбір адам лайықты және мағыналы өмір сүруге негіз болады. Әрбір баланың білім алуға қолжетімділігін кепілдік құқығы ғана емес, сондай-ақ сапалы білім алу – қазіргі заманғы қоғамның дамуының міндетті өлшемі болып табылады [10]. (Ұлттық баяндама 2017 ж.) Инклюзивтік білім берудің Бірыңғай мониторингі шеңберіне сәйкес әзірленген индикаторлар «барлық білім алушылардың әртүрлі қажеттіліктер есебінде сапалы білім берумен қамтамасыз етудің шарттары» түсінігін кеңейтеді. Бұл тек архитектуралық кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету ғана емес, сондай-ақ бірқатар кешенді шарттардың орындалуы: кадрлық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық, ақпараттық, нормативтік.

Ұлттық және аймақтық деңгейде мониторингтің мақсаты барлығы үшін сапалы білімге тең қол жеткізу саласындағы қол жеткізілген жетістіктерді бағалау және мемлекеттік білім беру саясатына инклюзивтік принциптерін ілгерілету болып табылады.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық қамтамасыз етілуін талдау Инклюзивтік білім беру мониторингінің Бірыңғай шеңбері міндеттеріне сәйкес негізгі нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізудің оң басымдықтарын көрсетеді. Осылайша, бүгінгі таңда «Білім туралы» Заңға ерекше білім берілуге қажеттіліктері бар балаларды тұрғылықты жерінде білім беруді ұйымдастыру бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, «Мүгедектігі шектеулі балаларға әлеуметтік медициналық-педагогикалық және түзетуді қолдау туралы» Заңға аудан орталықтарда психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беруді қалыптастыру бойынша, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығында жеке жоспарлар мен бағдарламалар бойынша ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту мәселелерін шешу тұрғысынан, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды аттестациялауға арналған арнайы шарттарды

жасау бөлігінде, білім алушылардың аралық және қорытынды аттестациялық үлгірімін ағымдық бақылауды өткізудің типтік ережелерінде ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы, ҚР БҒМ 2015 жылғы 28 қаңтардағы №39 «Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін білім туралы куәліктермен бірге аықтаманы қоса беру тұрғысында; ҚР БҒМ 2015 жылғы 7 сәуірдегі №172 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» бұйрығында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға жеңілдік кезегі, ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы инклюзивті білім беруді енгізуді ескере отырып, білім беру мекемелерін жабдық пен жиһазбен жабдықтау стандарттары әзірленді және бекітілді [8].

«ЕБҚ бар білім алушылар үшін оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық шарттар жасау» міндеттері аясында 2018-2019 оқу жылындағы «АТО» АҚ ҰБДҚ деректері бойынша инклюзивтік білім беру, оның ішінде кадрлар, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, арнайы оқу бағдарламалары, оқытудың техникалық тәсілі 4208 мектепте (60%) (2017 ж. - 3 873 (55%) құрылды. Сонымен қатар, БҒДМБ 2019 жылы жоспарлы көрсеткіштері «2019 жылы инклюзивті білім беру шарттарын жасайтын мектептердің қол жеткізген үлесі - 70%» (Кесте – 4).

Кесте – 4 ҰБДҚ деректері бойынша берілген аймақтық мәліметтер

Өңірлер	Инклюзивті білім беру үшін шарттарын жасайтын мектептердің үлестік Көрсеткіші		
	күндізгі жалпы білім беретін мемлекеттік мектептердің жалпы саны	инклюзивті білім беру үшін шарттар жасайтын мектептердің саны (арнайы оқу бағдарламалары мен материалдық базаның болуы, мұғалімдер, мамандар және т.б.)	%
ҚР	7014	4 208	60,0
Ақмола облысы	560	334	59,6
Ақтөбе облысы	399	240	60,2
Алматы облысы	760	329	43,3
Атырау облысы	193	117	60,6
Батыс Қазақстан облысы	380	273	71,8
Жамбыл облысы	445	277	62,2
Қарағанды облысы	512	282	55,1
Қостанай облысы	505	301	59,6
Қызылорда облысы	293	136	46,4
Маңғыстау облысы	142	85	59,9
Павлодар облысы	362	218	60,2
Солтүстік Қазақстан облысы	485	296	61,0
Түркістан облысы	900	571	63,4
Шығыс Қазақстан облысы	655	386	58,9
Астана қ.	85	75	88,2
Алматы қ.	204	203	99,5
Шымкент қ.	134	85	63,4

Елімізде арнайы мектепке дейінгі ұйым – 44, арнайы жалпы білім беру ұйымы – 100, психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру – 64,

психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті – 163, оңалту орталығы – 15, ЕБҚ бар балаларға түзету-педагогикалық көмек көрсетеді (Кесте – 5).

Кесте – 5 арнайы МДҰ, ЖББҰ, ПМПК, ППТК, ОО білім беру мекемелерінің желісі (2018-2019 оқу жылы)

Аймақ / Регион	оның ішінде / из них					Барлығы
	арнайы мектепке дейінгі ұйымдар / специальные дошкольные организации	арнайы жалпы білім беру ұйымдары / специальные общеобразовательные организации	психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес / психолого-медико-педагогическая консультация	психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті / кабинет психолого-педагогической коррекции	оңалту орталығы / реабилитационный центр	
ҚР / РК	44	100	64	163	15	386
Ақмола / Акмолинская	0	5	4	18	0	27
Ақтөбе / Актюбинская	4	4	3	13	1	25
Алматы / Алматинская	0	7	7	16	0	30
Атырау / Атырауская	1	3	2	7	1	14
БҚО / ЗКО	0	3	3	12	0	18
Жамбыл / Жамбылская	0	4	6	11	1	22
Қарағанды / Карагандинская	1	10	4	8	1	24
Қостанай / Костанайская	0	7	4	12	0	23
Қызылорда / Кызылординская	0	3	5	9	4	21
Маңғыстау / Мангистауская	2	4	3	5	1	15
Павлодар / Павлодарская	7	7	4	2	0	20
СҚО / СКО	0	7	3	15	0	25
Түркістан / Туркестанская	5	8	4	15	0	32
ШҚО / ВКО	6	13	6	12	2	39
Астана қ. / г. Астана	2	2	5	6	2	17
Алматы қ. / г. Алматы	11	8	0	0	1	20
Шымкент қ. / г. Шымкент	5	5	1	2	1	14

ҰБДҚ деректері бойынша республикада жалпы білім беру мектептерде 3 422 536 бала (0-18 жас) оқып жатыр, соның ішінде 23 543 оқушы әртүрлі санаттағы ерекше қажеттіліктері бар білім алушылар, жалпы білім беретін мектептерде арнайы сыныпта ЕБҚ бар 12123 балалар, арнайы мектептерде 15 545 адам, қашықтықтан оқитын ЕҚБ бар 413 бала, ЕҚБ бар 6 361 бала үйде оқытылады (Кесте – 6).

Кесте – 6 Біліммен қамтылған 0-18 жас аралығындағы ЕҚБ бар білім алушылардың саны

Аймақтар	Барлық қатысушылар 0-11(12 сынып)	Жалпы білім беру мектебінде ЕБҚ түрі бойынша қатысушылардың барлығы 0-11(12 сынып)	Жалпы білім беретін мектептерде ЕБҚ арнайы сынып оқушылары	Арнайы мектептердегі 0-11 (12 сынып) қатысушылар саны	Қашықтан білім алатын, білім берудегі ерекше қажеттілігі бар бала	Үйде оқитын, білім берудегі ерекше қажеттілігі бар бала
Ақмола облысы	133 189	2 161	529	688	7	266
Ақтөбе облысы	156 533	1 102	231	535	4	254
Алматы облысы	428 343	1 323	482	914	22	661
Атырау облысы	138 462	452	425	313	35	118
Шығыс Қазақстан облысы	207 092	3 596	1 005	1 688	9	635
Алматы қ.	275 291	1 442	860	2 424	47	589
Астана қ.	166 699	424	1 019	634	17	228
Шымкент қ.	211 871	682	515	819	24	249
Жамбыл облысы	244 252	1 032	387	542	40	612
Батыс Қазақстан облысы	116 049	2 046	634	609	25	284
Қарағанды облысы	210 825	992	727	1 588	9	345
Қостанай облысы	117 462	2 938	1 313	844	22	320
Қызылорда облысы	169 426	1 845	231	272	0	306
Маңғыстау облысы	152 949	311	124	555	26	143
Павлодар облысы	108 209	1 350	888	841	3	335
Солтүстік Қазақстан облысы	78 835	1 034	174	722	23	222
Түркістан облысы	507 049	813	2 579	1 557	100	794
ҚР бойынша қорытынды	3 422 536	23 543	12 123	15 545	413	6 361

Елімізде ҰБДҚ деректері бойынша жалпы білім беретін мектептерде оқыған оралмандар мен босқындардың жалпы саны 1899 (0,5%) оралмандар мен 62 (0,002%) босқындар болып табылады. Оралмандардың көпшілігі Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау облыстарында, босқындардың

барлығы дерлік үш облыста – Алматы, Шымкент, Астана қалаларында орналасқан (Кесте – 7).

Кесте – 7 Жалпы білім беру мектептерде оқыған оралмандар мен босқындардың саны

Жолдардың атауы	Оралмандар	Босқындар
Ақмола облысы	58	0
Ақтөбе облысы	10	0
Алматы облысы	570	0
Атырау облысы	16	0
Шығыс Қазақстан облысы	280	0
Алматы қ.	79	40
Астана қ.	130	4
Шымкент қ.	45	15
Жамбыл облысы	107	0
Батыс Қазақстан облысы	4	0
Қарағанды облысы	223	0
Қостанай облысы	45	0
Қызылорда облысы	8	0
Маңғыстау облысы	138	1
Павлодар облысы	92	0
Солтүстік Қазақстан облысы	10	2
Түркістан облысы	84	0
Жалпы қорытынды	1899	62

2018-2019 оқу жылындағы ҰБДҚ деректері бойынша инклюзивті білім беруді кадрлық қамтамасыз ету мәселесі бойынша жалпы білім беретін мектептердегі мамандардың саны өңірлердегі педагогтердің жалпы санынан ұсынылған. Жалпы орта білім беретін мұғалімдердің жалпы саны 338314 адамды құрайды, оның ішінде 7505 арнайы білім беру саласындағы мамандар және психологтар, бұл елдегі орташа есеппен 2,2% құрайды. Батыс Қазақстан облысында - 3,4%, Алматыда - 3,2%, Солтүстік Қазақстан облысында - 2,9%, Атырау облысында - 1,2%, Жамбыл облысында және Астана қаласында - 1,5% (Кесте – 8).

Кесте – 8 Аймақ бойынша жалпы білім беру мектептердегі мамандардың саны

	Аймақ / Регион	Барлық педагогикалық қызметкерлер / всего педагогических работников	Педагог-психолог, учитель-логопед, тифлопедагог, сурдопедагог, учитель-дефектолог, олигофренопедагог	%
	ҚР / РК	338 314	7 505	2,2
1	Ақмола / Акмолинская	15 417	346	2,2
2	Ақтөбе / Актюбинская	17 816	386	2,1
3	Алматинская область	39 298	1 084	2,7
4	Атырауская область	11 124	134	1,2

5	БҚО / ЗКО	14 641	504	3,4
6	Жамбыл / Жамбылская	25 729	400	1,5
7	Қарағанды / Карагандинская	20 342	545	2,6
8	Қостанай / Костанайская	13 732	326	2,3
9	Қызылорда / Кызылординская	20 220	341	1,6
10	Маңғыстау / Мангистауская	11 489	184	1,6
11	Павлодар / Павлодарская	12 885	219	1,6
12	СҚО / СКО	11 985	348	2,9
13	Түркістан/ Туркестанская	54 020	1 055	2,0
14	ШҚО / ВКО	23 440	413	1,7
15	Астана қ. / г. Астана	9 776	153	1,5
16	Алматы қ. / г. Алматы	20 525	668	3,2
17	Шымкент қ./ г. Шымкент	15 875	399	2,5

Сапалық көрсеткіштер

Жалпы білім беру мекемелерінің деңгейінде мониторинг ұлттық бастамаларды, оның ішінде арнайы білім беру қажеттіліктеріне және балалардың жеке мүмкіндіктерін қанағаттандырады және т.б. инклюзивтік білім беру саласындағы педагогтердің кәсіби дамуы үшін мектептің мүмкіндігі ортақ инклюзивтік құндылықтарды дамытуға қаншалықты үлес қосқанын бағалауға бағытталған. Сонымен бірге, инклюзивтік білім беру мониторингінің Бірыңғай шеңбері индикаторлары білім беру ұйымдарына инклюзивтік білім беру ортасын құруға әкелетін қадамдарды дербес дамытуға айтарлықтай қолдау көрсетеді.

Білім беру ұйымдары деңгейінде мониторинг И.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында онлайн сауалнама түрінде жүргізілді. Сауалнамаға еліміздің барлық өңірлерінің негізгі және жоғарғы сыныптың мектеп білім алушылары, педагогикалық қызметкерлер, ата-аналар қатысты. «АТО» АҚ әзірлеген инклюзивті білім берудің Бірыңғай шеңберіндегі сауалнама сұрақтарынан алынды.

Бүкіл ел бойынша онлайн-сауалнамаға барлығы 304016 респондент қатысты, соның ішінде 131036 адам орыс тілінде оқыту тілі ретінде, оның ішінде 55462 білім алушылар, 55410 ата-аналар, 17960 педагогтер, 2204 әкімшілік өкілдері болды. Қазақ тілінде оқығандар арасында барлығы 172980 респондент қатысты, оның 86149 білім алушылар, 60933 ата-аналар, 23398 педагогтер, мектеп әкімшілігінен 2500 өкілі қатысты (Кесте – 9).

Кесте – 9 Аймақ бойынша онлайн сауалнамаға қатысқан респонденттердің саны туралы ақпарат (қазақ тілі бойынша оқыту)

№ п/п	Өңірлердің атауы	Оқыту қазақ тілінде					Барлық қорытынды
		Білім алушылар	Ата-аналар	Педагогтер	Әкімшілік	Барлығы	
1	Ақмола облысы	1089	792	779	96	2756	
2	Ақтөбе облысы	1549	789	922	81	3341	
3	Алматы облысы	5704	3326	2632	296	11958	


4	Атырау облысы	10621	8689	1864	193	21367	
5	Шығыс Қазақстан облысы	15776	11244	4224	479	31723	
6	Алматы қ.	646	452	196	36	1330	
7	Астана қ.	516	235	467	38	1256	
8	Шымкент қ.	179	189	99	6	473	
9	Жамбыл облысы	4248	2244	664	92	7248	
10	Батыс Қазақстан облысы	698	583	908	132	2321	
11	Қарағанды облысы	10390	7851	2528	265	21034	
12	Қостанай облысы	6141	5707	1046	104	12998	
13	Қызылорда облысы	6885	4384	1768	127	13164	
14	Маңғыстау облысы	16372	11026	2765	193	30356	
15	Павлодар облысы	1647	1122	1177	121	4067	
16	Солтүстік Қазақстан облысы	2400	1790	954	192	5336	
17	Түркістан облысы	1288	510	405	49	2252	
18	Барлығы	86149	60933	23398	2500	172980	304016

Кесте – 10 Аймақ бойынша онлайн сауалнамаға қатысқан респонденттердің саны туралы ақпарат (орыс тілі бойынша оқыту)

№ п/п	Өңірлердің атауы	Оқыту орыс тілінде				
		Білім алушылар	Ата-аналар	Педагогтер	Әкімшілік	Барлығы
1	Акмолинская область	1606	1271	1179	189	4245
2	Актюбинская область	168	119	224	28	539
3	Алматинская область	1093	919	766	80	2858
4	Атырауская область	1553	2063	291	28	3935
5	Восточно-Казахстанская область	13869	13491	3868	410	31638
6	г.Алматы	584	579	130	11	1304
7	г.Астана	121	311	341	36	809
8	г.Шымкент	319	200	12	5	536
9	Жамбылская область	2963	2070	360	40	5433
10	Западно-Казахстанская область	197	154	375	56	782
11	Карагандинская область	6690	7670	2222	274	16856
12	Костанайская область	16671	17122	3715	389	37897
13	Қызылординская область	249	216	104	4	573
14	Мангистауская область	1965	2364	232	16	4577
15	Павлодарская область	2441	2461	1731	154	6787
16	Северо-Казахстанская область	4964	4387	2385	476	12212
17	Туркестанская область	9	13	25	8	55
18	ИТОГО	55462	55410	17960	2204	131036


Инклюзивтік мәдениетті қалыптастыру бағытында білім алушылар оқыту қазақ тілінде «келісемін», «келіспеймін», «жауап беруге қиналамын» нұсқаларында 6 сұраққа жауап берді.

«Біздің мектепте барлық оқушыларға мейіріммен қарайды» сұрағына республика бойынша білім алушылардың қалалық мектептерде 93,26%, ауылдық мектептерде 96,29% көрсеткен. «Келісемін» жауабына қала бойынша 84,55% (Маңғыстау), 98,50% (Түркістан) көрсеткіштері, ауыл бойынша 99,11% (Павлодар), 95,03% (Атырау) жауап берген (Сурет 1).




Сурет 1 – Қала және ауыл өңірлердің «келісемін» жауабының көрсеткіштері

Төменде келтірілген диаграммада республикадағы білім алушылардың қала мен ауыл өңірлерінің барлық жауаптарының орташа көрсеткіштері көрсетілген. Жауап берушілердің үлесі «келіспеймін» қала өңірлерінде 3,78%, ауылдық жерлерде 2,26%, «жауап беруге қиналамын» қала аймақтарында 2,95%, ауылдық өңірлерінде 1,44 % көрсеткіштерін көрсетті (Сурет 2).




Сурет 2 – Республикадағы білім алушылардың қала мен ауыл өңірлері бойынша жауаптардың орташа көрсеткіштері

«Біздің мектепте әрбір оқушылардың жетістіктері әділетті бағаланады» сұрағына республика бойынша білім алушылардың қалалық мектептерде 91,86%, ауылдық мектептерде 95,03% көрсеткен. «Келісемін» жауабына қала бойынша 80,43% (Астана), 97,95% (Батыс Қазақстан) көрсеткіштері, ауыл бойынша 93,02% (Маңғыстау), 98,23% (Павлодар) жауап берген (Сурет 3).




Сурет 3 – Қала және ауыл өңірлерінің «келісемін» жауабының көрсеткіштері

